



Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 620. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.18. N 1408 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының қаражатын тиімді және нысаналы пайдалану мақсатында, сондай-ақ пайда болған тосын жағдаяттарды жедел қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының қаражатын пайдаланудың тәртібі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан

Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

3. Жергілікті атқарушы органдарға тиісті жергілікті бюджеттердің резервтік қорының қаражатын пайдаланудың тәртібін әзірлеу және оны бекіту ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 сәуірдегі
N 620 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының
қаражатын пайдаланудың тәртібі

1. Осы Тәртіп тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен

бекітілген сомалардың шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қорының (бұдан әрі - резервтік қоры) қаражатын бөлудің және жұмсаудың т е т і г і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Резервтік қор табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда бір жолғы сипаттағы тосын жағдаяттарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен белгіленетін өзге де ерекше жағдайларды қаржыландыру үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттік құрамында "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңның 14-бабына сәйкес құрылады.

Резервтік қорда жеке тұрғыда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін қаражат көлемі б ө л і н е д і .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.18. N 1300 қаулысымен.

Р 9 8 1 3 0 0 _

3. Резервтік қордан қаражат бөлу белгіленген тәртіппен оны алушы, қаражаттың көлемі және бюджеттік жіктемеге сәйкес оның мақсатты пайдалану бағыты көрсетілетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Резервтік қор қаражатының мақсаттық арналуы болады және қаражат бөлу туралы Үкіметтің шешімінде көзделмеген мұқтаждарға пайдаланыла алмайды. Үкіметтің резервтік қордан қаражат бөлу туралы шешімінің қаржы жылы аяқталғанда күші жойылады. Пайдаланылмаған қаражаттың қалдықтары қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы .

5. Заңды тұлғалардың және облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің резервтік қордан қаражат бөлу туралы өтінішін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да мемлекеттік органдармен келісіліп негізделген есептер болған кезде ғана қарайды. Мәселе оң шешілген жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаражат бөлу туралы шешімнің жобасын белгіленген тәртіппен Үкіметтің қарауына енгізеді.

Резервтік қордан төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу мәселесін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті қарайды және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу туралы шешімнің жобасын Үкіметке енгізеді. Бұл ретте негізге алынатын материалдар мен олардың тізбесін ұсынудың тәртібін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті а й қ ы н д а й д ы .

6. Республиканың аймақтарына резервтік қордан қаражат бөлу туралы

мәселелер жергілікті бюджеттердің пайдаланылған қаражатының болуы және оның көлемі туралы міндетті түрде ақпарат ұсыну арқылы жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры қаражатының жеткіліксіздігі жағдайында қаржылық көмек көрсетуге негізделген өтінім болған кезде облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің өтініші бойынша қаралады.

7. Бюджеттік емес мақсаттық қорлардың есебінен ұсталатын ұйымдарға (республикалық бюджет туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда), қоғамдық және шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдарға, мемлекеттік қатысу үлесі 50 проценттен төмен шаруашылық жүргізуші субъектілерге, сондай-ақ республикалық бюджетте көзделген шығыстарға резервтік қордан қаражат бөлуге жол берілмейді.

8. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі шараларды резервтік қордан қаржыландыру, егер төтенше жағдайлар пайда болуы қаупі немесе оның таралу ауқымы жергілікті және орталық атқарушы органдар пайда болған проблеманы өз қаражатының есебінен өз бетінше шеше алмайтын мөлшерлерге жеткен жағдайларда жүзеге асырылады.

9. Төтенше жағдайларды жою үшін резервтік қордан қаражат бөлу: төтенше жағдайлардың пайда болуының нәтижесінде зардап шегушілерге материалдық көмек көрсетуге;

зардап шеккендер үшін уақытша тұру және тамақтану пункттерін ашуға және ұстауға;

шұғыл мән берудің авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелерін құтқарудың техникалық құралдарымен, жабдықтармен және құрал-жабдықтармен қосымша жарақтандыруға;

құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған шығыстарды өтеуге;

төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдарды тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі шығындарды өтеуге;

төтенше жағдайларды жоюға байланысты басқа да шараларға; айрықша жағдайларда - тиісті жергілікті және орталық атқарушы органдардың қаражаты жетіспеген кезде төтенше жағдайларды болдырмау жөніндегі кезек күттірмейтін өмірлік мәні бар шараларға жүргізіліне алады.

10. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі ұзақ мерзімді шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды болдырмауға арналған шығындардың қажетті көлемін орталық атқарушы органдар тиісті жылға бюджеттік өтінімнің құрамында Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігіне ұсынады және олар белгіленген тәртіппен қаралады.

11. Шараларды резервтік қордан сөзсіз қаржыландыруды қажет ететін жағдаяттар пайда болған кезде қаражат бөлу тиісті қаржы жылына

республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландырудың Үкімет бекіткен Ережелеріне сәйкес басымдықты тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Егер бюджеттің атқарылуы процесінде тапшылықтың бекітілген деңгейінің артуы немесе бюджетке кірістердің түсуінің айтарлықтай төмендеуі калыптасса, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтік қордың шығыстары бойынша секвестрлеу енгізуге құқылы.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ай сайын Үкіметке резервтік қор қаражатының қолда бары мен пайдаланылуы туралы ақпарат ұ с ы н а д ы .

14. Резервтік қордан қаражат алған заңды тұлға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпте және мерзімдерде орындалған жұмыстардың көлемдері мен құндары туралы е с е п ұ с ы н у ы т и і с .

15. Резервтік қор қаржыларының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүзеге а с ы р а д ы .

16. Бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте о н ы а л у ш ы ғ а жү к т е л е д і .